



**2021 жылғы мамыр**

### **Баспасөз хабарламасы**

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын қашықтық форматында өткізеді.

Мектеп үйірмелері мен мектептен тыс ұйымдарда сәндік-қолданбалы шығармашылықпен 160 мыңға жуық оқушылар айналысады.

Көрме-байқаудың мақсаты: білім алушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру.

Көрмеге облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент), балалар шығармашылығы көрмелерінде орындаудың түрлі жанрлары, техникалары және материалдары бойынша жеңімпаз атанған республиканың мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің 11-17 жастағы білім алушылары қатысады.

Көрме-байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі: тоқыма, шағын формадағы мүсіндер, ұлттық ою-өрнегі бар киімдер, қағаздан бұйымдар жасау, ағашты, сүйекті, теріні, шыныны, металлды көркемдеп өңдеу.

Көрме-байқау көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының үздік үлгілері негізінде өскелең ұрпақтың мәдениетін, білім алушылардың танымдық, шығармашылық, зияткерлік қызметін қалыптастыруға жағдай жасайды, сондай-ақ балалар шығармашылығының дәстүрлі және заманауи бағыттарын дәріптеуге

мүмкіндік береді.

Көрме-байқау жеңімпаздары дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 642 724; e-mail: [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru).